ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

# Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

(Филология факультеті, Қазақ әдебиеті кафедрасы)



**Элективті пәндер каталогы (қабылдау жылы: 2025)**

**ББ атауы мен шифры: 7М02304-Филология**

| № | Пәннің атауы | Оқыту мақсаты | Қысқаша сипаттама | Пререквизиттері/ Постреквизиттері | Дублин дескрипторы |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Ғылым тарихы мен философиясы | «Ғылым тарихы және философиясы» атты пәнді оқытудағы мақсат ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми зерттеулердің түрлері мен мен негізгі әдістерін үйрету, дүниетанымдық көзқарасты кеңейту, ғылымның қоғам дамуындағы алатын орнын түсіндіру болып табылады. Соның ішінде қазіргі ғылымның әдіс-тәсілдерін білу ғылыми шығармашылықты үйренуде қажет міндеттің бірі болып есептеледі. Осыған орай магистрант өзінің кәсіби қызметін жетілдіруде оқып үйренетін дүниетанымдық, философиялық, танымдық, логикалық және әдістемелік білімдерді иеленумен қатар ғылыми зерттеу дағдыларын меңгеруі тиіс. | Пән ғылыми ойлаудың тарихы мен философиясы, ғылымның философиялық негіздері, эмпирикалық және ғылыми танымның генезисі, мәні, болашағы туралы білімді қалыптастырады, білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне қажетті әдістемелік аппаратты дамытады. Проблемалық оқыту, тақырыптық талқылау, жоба әдісі сияқты оқытудың белсенді әдістері қазіргі заманғы ғылым жетістіктерін сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын меңгеруге, өзіндік этикалық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған. | **Пререквизиттері:** «Ғылым тарихы және философиясы» курсын оқып үйрену үшін магистрантта философия тарихы және теориясы, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары және мамандандырылған пәндерден білімі болуы тиіс. **Постреквизиттері:** Ғылым тарихы мен философиясынан алған білімдері магистранттарда ғылыми білім әдістемесінің қалыптасуын мүмкін етеді, ғылыми зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытады. | А) Негізгі эпистемологиялық үлгілерді, рационалдылық түсінігінің трансформациялану сипаттарын; ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс таным формалары мен тәсілдерін, танымның қазіргі тәсілдерін; В) Ғылыми-зерттеу жұмыс барысында туындайтын және терең кәсіби біліктілікті қажет ететін сұрақтарды құрауы және шеше алуды; зерттеудің қажет тәсілдерін таңдай білуді; нақты зерттеу негізінде бар тәсілдерді өзгерте алу және жаңа тәсілдерді құрастыруды; С) Ғылыми зерттеу және педагогикалық жұмыс жүргізуде әдіс және әдістемелік білімдерді қолдану қабілетіне ие болулары қажет; D) Нақты бағытта кең білімді қажет ететін ғылыми-зерттеулік және ғылыми педагогикалық әрекеттерді жеке өткізе алу қабілетіне ие болуы тиіс; Е) Әлеуметтік гуманитарлық және жаратылыстану білімдері әдістемелік негізінде қазіргі теория мен практика ақиқатын түсіну |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және талдай алуы тиіс. жеткізе алады. |
| **2** | Шет тілі (кәсіби) | Курстың негізгі мақсаты білім алушылардың мәдениетаралық - коммуникативтік құзыреттілігін және оның құрамдас бөлігі ретінде халықаралық кәсіби ортаға интеграциялануға және кәсіби шетел тілін мәдениетаралық, ғылыми және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін білім алушылардың кәсіби-негізделетін мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. | Пәннің мақсаты: халықаралық деңгейде кәсіби салаға кірігу үшін шет тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыру, ағылшын тілін мәдениетаралық және кәсіби қарым қатынас құралы ретінде пайдалану, сонымен қатар шетел ғалымдарының ғылыми еңбектерін аудару үшін, аударматану және мәдениетаралық коммуникация саласындағы шетелдік тәжірибені дамыту, кәсіби қызметте қолданылатын ақпаратты ауызша және жазбаша түрде аудару дағдыларын жетілдіру. | **Пререквизиттер:** Шетел тілі **Постреквизиттер:** жоқ | А) оқытылатын пәндер саласындағы негізгі ғылыми бағыттарды зерттейді, ғылыми таным әдіснамасын меңгереді; В) процестерді талдаудың қазіргі тұжырымдамаларын, теориялары мен тәсілдерін сыни бағалауды көрсетеді және жаңа идеяларды талдау, синтездеу және бағалау әдістерін салыстырады; с) Кәсіби коммуникация дағдыларын қолданады, әртүрлі тілдерде табысты және жағымды іскерлік коммуникация алуға қабілетті; D) жаңа проблемалар мен жағдайларды шешу үшін өзінің зияткерлік және жалпы мәдени деңгейлерін интеграциялайды; Е) аударма процесінде мәдениетаралық коммуникация дағдыларын көрсетеді; |
| **3** | Жоғары мектеп педагогикасы | Қазіргі заманғы жоғары оқу орны жағдайында білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қажетті теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру. | Бұл пәнді оқудың мақсаты жоғары кәсіби білім берудің теориялық және практикалық мәселелері болып табылады. Жоғары оқу орындарының педагогикасы білім беру заңдылықтары мен принциптері, жоғары кәсіби білім беру құралдары мен әдістері туралы білімнің дамуын | **Прекреквизиттер:** Бакалавр деңгейінде философия, жалпы педагогика және жалпы психология пәндері<br><br>**Постреквизиттер:** | А) Жоғары мектеп педагогикасы саласында жүйелі білімді меңгерген, оқу үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздерін игерген, қазіргі білім беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | зерттейді. Пәнді меңгеру нәтижесінде магистранттар Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің дамуын, оның негізгі міндеттерін біледі. Сонымен қатар педагогикалық процесті басқарудың ғылыми аспектілері және заманауи педагогикалық технологияларды қолдану туралы білімдері қалыптасады. | Педагогикалық тәжірибе,<br>зерттеу тәжірибесі | парадигмаларын, тәсілдерін, технологияларын және жоғары білім берудің даму үрдістерін жақсы біледі.<br>Жоғары білім беру жүйесінде оқытушының рөлі мен функцияларын түсінеді;<br>B) Жоғары оқу орнында білім беру үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыру барысында алған білімін қолдана алады, оқу әдістемелік құжаттамаларды әзірлейді, тиімді оқыту әдістері мен формаларын қолданады, сондай-ақ жоғары білім беру тәжірибесінде туындайтын педагогикалық міндеттерді шешуге қатысады;<br>C) Педагогикалық теориялар мен тәсілдерді сыни тұрғыдан талдай және бағалай алады, педагогикалық құбылыстарды интерпретациялап, білім беру үдерісін жетілдіру бойынша негізделген пайымдаулар, қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады.<br>D) Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дағдыларын меңгерген, білім алушылармен және профессорлық-оқытушылар құрамымен диалог орната алады, өз көзқарасын сауатты түрде дәлелдей біледі, ғылыми және әдістемелік пікірталас жүргізе алады, білім беру коммуникациясында цифрлық және мультимедиалық құралдарды пайдалана алады;<br>E) Өзіндік білім алуға, педагогикалық қызметті өзіндік талдауға қабілетті, кәсіби дамуға, зерттеуге және жоғары білім беру жүйесіндегі жаңа білім беру технологияларын меңгеруге үнемі дайын екенін көрсетеді. |
| **4** | Басқару психологиясы | Басқару үдерісіндегі адамдардың мінез-құлқы мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеу арқылы басқару тиімділігін арттыру. Бұл сала басшы мен қызметкер арасындағы өзара қатынасты, мотивацияны, шешім қабылдау үрдісін, көшбасшылық стильдерін және ұйым ішіндегі психологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған. | Пәннің мақсаты - басқарушылық іс әрекеттің заңдылықтарын, принциптерін, әдістерін зерттеу: басқарушылық іс-әрекеттің ерекшеліктері мен психологиялық жағдайларын талдау, осы процесте адамдар арасында пайда болатын басқару процесі мен қатынастарды ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтарын зерттеу. Курс психологиялық білім мен теорияларға негізделген басқарушылық қызмет мәселелерін анықтау және шешу дағдыларын қалыптастырады. | **Пререквизиттер:** Бакалавриат курстары **Постреквизиттер:** Магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы, Педагогикалық практика | А) Жоғары мектеп психологиясы саласындағы өзін-өзі жетілдіруге және заманауи кәсібилікке бағытталған практикалық психологияның білімі мен дағдыларын түсіндіреді;<br>В) Зерттеудің, жасанды интеллекттің жаңа әдістерін меңгереді, жоғары оқу орындарында психология саласындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | пәндерді оқытудың заманауи нысандары<br>мен технологияларын пайдаланады.<br>C) ЖОО-ның оқу-тәрбие процесінде<br>педагогтердің қызметін ұйымдастыру<br>дағдыларын қолданады, педагогикалық<br>процестің тұтастығын түсінеді;<br>D) Коммуникативтік құзыреттілік<br>тәсілдерін меңгерген;<br>E) Өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту<br>қабілетін көрсету. |
| **5** | Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау | Пән мазмұны зерттеу әдістемесі, ҒЗҰЖ, зерттеу компоненттері, авторлық құқық құжаттарын дайындау, инновациялық зерттеу жоспары, жобаның өмірлік циклі және оның құнын бағалау, идеяларды таңдау және сапаны анықтау критерийлері туралы білімдерін жетілдіреді. Бұл сонымен қатар зерттеу жүргізудің практикалық дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Пән оқушылардың зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтетін зерттеулерде қосымша ресурс ретінде жасанды интеллектті тиімді пайдалану үшін маңызды дағдылар мен | Пән зерттеу әдіснамасын, инновациялық экономиканы, ҒЗТКЖ ны, зерттеу әдістемесін, ғылыми зерттеу жұмысының негізгі компоненттерін, авторлық құқықты, патент пен авторлық куәлікті, жобаның ҒЗЖ-дан айырмашылығын, жобаның өмірлік циклін, жоба құнын бағалауды, оңтайлы идеяларды іріктеу критерийлерін зерделейді. Зерттеу жоспарының инновациялылығы. Жасанды интеллектіні курс бағдарламасына енгізу білім алушылардың жасанды интеллектіні зерттеу барысында қосымша ресурс ретінде тиімді пайдалануларына қажетті дағдылар мен білім-біліктерді дамытуға мүмкіндік береді.Зерттеудің сапасы мен іске асырылуы ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру | **Пререквизиттер:** Философия, Педагогика, Психология.<br>**Постреквизиттер:** Магистранттың ғылыми<br>зерттеу жұмыстары (МҒЗЖ), докторантура деңгейіндегі пәндер. | ) Білім алушы зерттеудің тиісті әдістері мен әдістерін таңдау және енгізу дағдыларын көрсете отырып, белгілі бір әлеуметтік ғылым мәселесін шешетін кешенді зерттеу ұсынысын әзірлеу үшін зерттеуді жобалау принциптерін қолданады.<br>B.) Идеялардың нақты, дәйекті және кәсіби артикуляциясын Көрсетеді және ғылыми дереккөздермен тиімді өзара әрекеттесу үшін қазақ (орыс) және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. C.) Жасанды интеллект пен ақпараттық коммуникациялық технологияларды оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыларды дамытуға ықпал етеді | нәтижелерінің салдарын болжау саласы. | | процесіне Тиімді түрде біріктіреді; мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейлері, мектепке дайындығы, сапалы позитивті психикалық және тұлғалық өсуі туралы деректерді талдауға арналған компьютерлік бағдарламаларды меңгергендігін көрсетеді.<br>D.) Әр түрлі зерттеу әдістемелерін Сыни тұрғыдан талдайды, олардың әр тәсілдің күшті жақтары мен шектеулерін анықтау арқылы әлеуметтік ғылымдарды зерттеудің әртүрлі түрлеріне жарамдылығын бағалайды.<br>E.) Әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулерді жауапкершілікпен жүргізу стандарттарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, зерттеулерді жоспарлау мен орындау барысында этикалық нұсқауларды қолданады. |
| **1-курс (2-семестр)** | | | | | |
| 1 | Тіл білімінің / әдебиеттанудың жаңа бағыттары | Мақсаты: тіл білімінің, әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен олардың дәстүрлі бағыттан ерекшелігін саралау. Қарастырылатын тақырыптар: тіл біліміндегі жаңа бағыттар, | Тіл мен әдебиетті зерттеудің заманауи тәсілдерін қамтитын ғылым салалары туралы пән. Олар когнитивті лингвистика, дискурс анализі, әлеуметтік лингвистика, постструктурализм, психоаналитикалық әдебиеттану сияқты жаңа әдіс-тәсілдер мен концепциялар арқылы тіл мен әдебиеттің мәнін терең түсінуге | **Пререквизиттері:** Жалпы тіл білімі, Әдебиет теориясы<br>**Постреквизиттері:** Ұлттық дискурс негіздері, Когнитивтік әдебиеттану | A) Заманауи лингвистика мен әдебиеттанудағы жаңа ғылыми бағыттар (когнитивті лингвистика, дискурс талдау, постструктурализм, т.б.) туралы терең білім алады және олардың дәстүрлі бағыттардан айырмашылығын түсінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | антропоөзектік бағыттағы зерттеулер, этнолингвистика, психолингвистика, компьютерлік лингвистика, графикалық лингвистика және латын әліпбиі т.б. мәселелер. Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар, әдебиеттану мектептері, ағымдар мен бағыттар, әлеуметтік бағыттағы әдебиеттану, философиялық-эстетикалық әдебиеттану, неомифологизм және мифопоэтика, структурализм және постструктурализм, постмодернистік әдебиеттану т.б. | бағытталған. Бұл бағыттар тіл мен әдебиеттің мәдени, психологиялық, әлеуметтік аспектілерін зерттейді. Сонымен қатар, олар әдеби туындылардың әлеуметтік және тарихи контекстін, мәтіннің көпмәнділігін, сондай-ақ тіл мен әдебиеттің эволюциясын түсіндіруді мақсат етеді | | B) Тіл мен әдебиетке қатысты қазіргі әдіс-тәсілдерді (когнитивтік, әлеуметтік, психолингвистикалық, мәдениетаралық, постмодернистік талдау) ғылыми-зерттеу және практикалық талдау барысында қолдана алады.<br>C) Тілдік және әдеби құбылыстарды бағалауда ғылыми, мәдени және әлеуметтік контексттерді ескеріп, сыни көзқарас таныта алады; жаңа парадигмалардың маңызын бағалап, теориялық тұжырым жасай алады.<br>D) Кәсіби ортада немесе көптілді академиялық қауымдастықта жаңа лингвистикалық және әдебиеттанулық теориялар мен әдістер жайлы пікір алмасып, ғылыми дискурста дәлелді түрде ой бөлісе алады.<br>E) Өздігінен жаңа бағыттарды зерттеуге, пәнаралық тәсілдерді меңгеруге және ғылыми ізденісті жалғастыруға дайын; күрделі теориялық мәтіндермен жұмыс істеп, сыни ойлауды дамыта алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Жаңа заман лингвистикасы | Мақсаты: қазіргі заман лингвистикасының ерекшеліктері туралы түсінік беру. Негізгі тақырыптары: тіл аспектісінде адамды жан-жақты зерттеуге бағытталған жаңа заман лингвистикасының парадигмасын: лингвистика, когнитивті поэтика, компьютерлік лингвистика, дискурсология және олардың сабақтастығы, зерттеу әдістері мен тәсілдерінің ұқсастығы мен айырмашылықтары қарастыру. Сонымен қатар, адамның туа бітті қабілеті арқылы қол жеткізген тіл ортасындағы қарым-қатынас процесінде қалыптасқан тұлғаның жетістіктерін талдайды. | Тілдің құрылымы, даму заңдылықтары, функционалды аспектілері мен әлеуметтік контекстін зерттейтін ғылым саласы туралы пән. Ол тілдің қазіргі заманғы қолданылуын, оның әлеуметтік, мәдени, психологиялық, когнитивтік факторлармен өзара байланысын қарастырады. Бұл пән лексика, грамматика, фонетика сияқты негізгі тілдік деңгейлерді талдай отырып, тілдің эволюциясы мен өзгерістерін зерттейді. Сонымен қатар, жаңа заман лингвистикасы тіл мен қоғамның өзара ықпалы, коммуникацияның түрлі түрлері мен тілдік құбылыстардың ерекшеліктерін зерттейді. | **Пререквизиттері:** Жалпы тіл білімі **Постреквизиттері:** Тіл білімінің философиялық – әдістемелік мәселелері | A) Магистрант қазіргі лингвистиканың жаңа бағыттары (когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, дискурс теориясы, корпус лингвистикасы, нейролингвистика т.б.) бойынша терең теориялық білім алады және бұл білімді салыстырмалы-талдамалы тұрғыда түсіндіре алады.<br>B) Заманауи лингвистикалық теорияларды нақты тілдік деректерге қолдана алады; ғылыми мәтіндерді лингвистикалық талдаудың түрлі әдістерімен зерттеп, лингвистикалық интерпретация жүргізеді.<br>C) Жаңа лингвистикалық мектептер мен бағыттар негізінде тілдің когнитивтік, функционалдық және әлеуметтік табиғаты туралы сыни ой тұжырымдап, зерттеу нысанына қатысты өзіндік пікір білдіреді.<br>D) Ғылыми-кәсіби ортада өз ойын дәл әрі жүйелі жеткізе алады; көптілді ортада академиялық дискурсты меңгеріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | заманауи лингвистикалық мәселелер бойынша ғылыми пікірталас жүргізуге қабілетті.<br>E) Заманауи лингвистика саласындағы үздіксіз білім алуға және өзіндік ғылыми ізденіске ынталы; күрделі ғылыми мәтіндерді өз бетінше талдап, кәсіби бағыттағы зерттеу жүргізуге дайын. |
| 3 | Нейролингвистика | Магистранттарға тіл мен мидың өзара байланысын, сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу үдерістерінің нейрологиялық механизмдерін түсіндіре отырып, нейролингвистиканың негізгі ұғымдары мен әдістерін меңгерту, сондай-ақ тілдік қызметтің мидағы ұйымдасуын және тілдік бұзылулардың табиғатын ғылыми тұрғыда талдауға дағдыландыру. | Тіл мен мидың байланысын, тілдік процестердің нейрологиялық негіздерін зерттейтін ғылыми саласы туралы пән. Ол сөйлеу, тыңдау, жазу, оқудың нейрологиялық механизмдерін түсінуге бағытталған. Бұл пән нейропсихология, когнитивтік ғылымдар мен лингвистиканың тоғысқан жерінде орналасады. Нейролингвистика тілдің мидың түрлі аймақтарымен өзара әрекетін, мидың зақымдануынан кейінгі тілдік бұзылуларды зерттейді. Сонымен қатар, тілдің ми құрылымындағы орналасуын, сөйлеу мен тілдің нейрологиялық аспектілерін талдайды. | **Пререквизиттері:** Тіл біліміне кіріспе<br>**Постреквизиттері:** Докторантурада оқытылатын пәндер | A)Магистрант тіл мен ми арасындағы байланысты, сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу сияқты тілдік процестердің нейрофизиологиялық механизмдерін түсінеді. Нейролингвистиканың негізгі ұғымдарын, зерттеу объектісі мен ғылыми ұстанымдарын меңгереді.<br>B) Теориялық білімді мидың түрлі аймақтарының тілмен байланысын зерттеуде, тілдік бұзылыстарды (афазия, дисфазия, алексия, аграфия) сипаттауда және тілдік процестерді талдауда тиімді қолдана алады.<br>C) Тіл мен когнитивтік жүйенің нейрофизиологиялық байланысы туралы сыни |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тұрғыда ой қорытынды жасап, сөйлеу бұзылыстарының себептері мен салдарын ғылыми негізде бағалай алады.<br>D) Ғылыми ортада нейролингвистикалық зерттеу нәтижелерін кәсіби тілде жеткізіп, нейропсихология, лингвистика және когнитивтік ғылымдар тоғысында ғылыми пікірталас жүргізе алады.<br>E) Ғылыми ортада нейролингвистикалық зерттеу нәтижелерін кәсіби тілде жеткізіп, нейропсихология, лингвистика және когнитивтік ғылымдар тоғысында ғылыми пікірталас жүргізе алады |
| 4 | Лингвистикалық концептология | Магистранттарға тіл мен ойлаудың өзара байланысын лингвистикалық тұрғыдан түсіндіре отырып, тілдік концепт ұғымының мәнін, құрылымын және когнитивтік-мағыналық ерекшеліктерін меңгерту, сондай-ақ концептілердің мәдени, психологиялық және когнитивтік | Тіл мен ойлаудың өзара байланысын зерттейтін ғылым саласы туралы пән. Ол тілдегі концептіні, яғни адам санасындағы түсініктер мен образдарды тіл арқылы қалай бейнелейтінін талдайды. Бұл бағыт мәдениет, психология, когнитивті ғылымдармен тығыз байланысты болып, тілдегі мағына мен түсініктердің құрылымын зерттейді. Сонымен қатар, концептология тілдің әртүрлі деңгейлеріндегі мағыналардың | **Пререквизиттері:** Когнитивті лингвистика<br>**Постреквизиттері:** Докторантурада оқылатын пәндер | A) Магистрант тіл мен ойлау байланысы, концептінің табиғаты мен құрылымы туралы терең білім алады. Концептологиялық талдаудың негізгі бағыттары мен категорияларын түсінеді.<br>B) Теориялық білімді нақты мәтіндік материалдарды, фразеологизмдерді, метафораларды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | факторлармен байланысын тілдік деректер арқылы талдауға дағдыландыру. | қалыптасуы мен өзгеруін, сонымен қатар мәдени контекстке әсерін қарастырады. | | мәдениетке тән лексемаларды концепт тұрғысынан талдауға қолданады.<br>C) Тілдік концептілер мен олардың мәдени-когнитивтік ерекшеліктері туралы сыни ой қалыптастырады; тілдегі мағыналық жүйелердің динамикасына қатысты ғылыми тұжырымдар жасайды.<br>D) Ғылыми ортада концептологиялық терминдерді орынды қолданып, теориялық ұстанымдарды дәл және логикалық жеткізе алады.<br>E) Лингвистикалық концептология бойынша заманауи әдебиеттерді өз бетінше меңгеріп, ұғымдарды салыстыра отырып, ғылыми-зерттеу жүргізуге қабілетті болады. |
| 5 | Тіл және мәдениетаралық коммуникация | Пәннің мақсаты: тіл және мәдениетаралық қарым-қатынас туралы түсінік беру. Негізгі оқытылатын тақырыптар: мәдени коммуникация, оның негізгі ұғымдары, коммуникативтік | Түрлі мәдениеттер мен тілдер арасындағы өзара түсіністік пен қарым-қатынасты зерттейтін сала туралы пән. Ол адамдардың әртүрлі мәдени контексттерде тіл арқылы қалай өзара әрекеттесетінін, мәдени ерекшеліктер мен тілдік айырмашылықтарды қалай шешетінін қарастырады. Бұл пән мәдениеттің тілдік құрылымдарға | **Пререквизиттері:** Тіл біліміне кіріспе<br>**Постреквизиттері:** Тіл білімінің философиялық – әдістемелік мәселелері | A) Мәдениетаралық коммуникацияның теориялық негіздерін, негізгі ұғымдарын, бағыттарын және терминологиялық аппаратын терең меңгереді; тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әсерін түсінеді, тілдік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қызметі, тіл мен қоғамның өзара байланысы, тіл, тіл және мәдениет функциялары, тілдегі мәдениет құндылықтарының мәнерлілігі туралы мәселелер болып табылады. | әсерін, сондай-ақ тиімді коммуникация мен түсіністік орнату жолдарын зерттейді. Сонымен қатар, ол тілдік стереотиптер мен мәдени төзімділік, кросс-мәдени байланыс мәселелерін де қамтиды. | | таңбалар арқылы мәдени құндылықтардың берілу механизмін зерделейді.<br>B) Түрлі мәдениетаралық жағдаяттарда тілдік және прагматикалық тәсілдерді қолдана отырып, тиімді коммуникация жүргізе алады; мәдениетаралық түсіністікке кедергі келтіретін тілдік және мәдени тосқауылдарды саралап, оларды шешудің нақты стратегияларын ұсынады.<br>C) Мәдениетаралық қатынас барысындағы стереотиптерге, мәдени норма мен девиацияларға ғылыми негізде сыни баға бере алады; мәдениетаралық коммуникациядағы тілдік дискурс пен вербалды/вербалды емес қарым-қатынас элементтерін салыстырып, олардың әлеуметтік және когнитивтік маңызын анықтайды.<br>D) кәсіби және академиялық аудиторияда тіл мен мәдениетке қатысты мәселелерді ғылыми негізде тұжырымдап, өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізе алады; көпмәдениетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ортада толерантты, икемді, мәдени сезімтал қарым-қатынас жүргізе алады.<br>E) Мәдениетаралық коммуникация саласындағы заманауи зерттеулер мен әдебиеттерді өз бетінше талдап, ғылыми-теориялық тұжырымдарды шығармашылықпен қолдана алады; кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өмір бойы оқуға, ғылыми ізденіс пен практикалық әрекетті ұштастыруға қабілетті болады. |
| | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | Магистрантты ғылыми-зерттеу қызметінің бастапқы кезеңімен таныстыру, ғылыми ізденіс жүргізудің негізгі тәсілдерін меңгерту және болашақ диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық базасын қалыптастыру. | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына алғаш рет жүйелі түрде араласуын қамтамасыз етеді. Пән аясында магистрант ғылыми тақырып таңдаудың негіздерін, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтау жолдарын, теориялық және практикалық дереккөздермен жұмыс істеу әдістерін меңгереді. Сонымен қатар ғылыми аппарат (нысаны, пәні, болжамы, әдістері, жаңалығы) түзіледі, әдебиеттерге шолу жасалады және алғашқы зерттеу нәтижелері жүйелене бастайды. Бұл кезеңде ғылыми жазу мәдениеті де қалыптастырылады. | - | A) Ғылыми-зерттеу негіздері, тақырып таңдаудың қағидалары, теориялық-әдіснамалық негіздер туралы түсінік қалыптастырады.<br>B) Ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, зерттеу мақсаты мен міндеттерін қою, бастапқы зерттеу жоспарын құру дағдыларын қолданады.<br>C) Ғылыми проблема бойынша бастапқы деңгейде талдау жасап, логикалық қорытындылар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мен болжамдар ұсына алады.<br>D) Өз ойын ғылыми тілде жеткізе алады, зерттеу жұмысының құрылымын нақтылай отырып, презентациялық форматта ұсына алады.<br>E) Зерттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған өзіндік жұмысты жүзеге асырады, ғылыми ақпаратты іздеуге және меңгеруге дайын болады. |
| **2-курс, 3-семестр** | | | | | |
| 1 | Қазақ эпосының генезисі, типологиясы, эволюциясы және поэтикасы | Қазақ эпосының шығу тегі, типологиялық ерекшеліктері, тарихи-эстетикалық даму жолдары мен поэтикалық жүйесін ғылыми негізде меңгерту; эпикалық мұраны әдеби-теориялық тұрғыда талдау, қазақ фольклоры мен әдебиетінің сабақтастығын бағамдай алатын ғылыми көзқарас қалыптастыру. | «Қазақ эпосының генезисі, типологиясы, эволюциясы және поэтикасы» — қазақ халқының ауыз әдебиетінің құрылымы мен дамуын зерттейтін сала жайындағы пән. Бұл бағыт эпостың пайда болуын, оның түрлі типтерін, тарихи өзгерістерін және шығармашылық құрылымын талдайды. Сонымен қатар, эпостың көркемдік ерекшеліктері, образдар жүйесі мен композициялық құрылымы да зерттеледі. Қазақ эпосы қоғамдық, философиялық мәселелерді, халықтың өмірі мен тұрмысын, тағдырын бейнелейтін терең мән-мағынаға ие шығармашылық туынды ретінде қарастырылады. | **Пререквизиттері:** Халық ауыз әдебиеті **Постреквизиттері:** Қазақ әдебиетіндегі фольклорлық мотивтер: постмодерндік контекст | A)Қазақ эпосының генезисін, мифологиялық және тарихи негіздерін, типологиясын, жанрлық құрылымын терең меңгереді; эпикалық мәтіндердегі көркемдік жүйелер мен поэтикалық заңдылықтарды әдебиет теориясы тұрғысынан түсінеді; эпостың әлеуметтік-философиялық мазмұнын, халықтың дүниетанымы мен өмір салтымен байланысын зерделейді.<br>B) эпикалық шығармаларды тарихи-функционалдық және типологиялық әдістермен талдап, ғылыми негізде жүйелей алады; эпостық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мәтіндердегі тұрақты мотивтер, кейіпкер жүйесі, көркемдік тәсілдер мен стильдік ерекшеліктерді әдеби-теориялық тұрғыда сипаттай алады; қазақ эпосын түркі, шығыс және әлемдік эпикалық дәстүрмен салыстыра отырып зерттей алады.<br>C) эпикалық дәстүрдің түрлі кезеңдердегі эволюциялық ерекшеліктеріне сыни тұрғыдан баға береді; фольклор мен жазба әдебиеттің өзара сабақтастығын, жаңғыру мен интерпретация процестерін ғылыми негізде бағалайды.<br>D) эпос мәселелерін ғылыми және академиялық аудиторияда еркін талқылай алады, тұжырымдарын дәлелдеп жеткізеді;  кәсіби ортада қазақ эпосына қатысты әдеби-теориялық ұғымдарды нақты, жүйелі түрде баяндай алады.<br>E) эпикалық мұраға қатысты отандық және шетелдік әдебиеттану, фольклортану бағытындағы зерттеулерді өз бетінше меңгеріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дербес ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алады; эпостың қазіргі әдебиет пен мәдениеттегі жаңғыруын, прагматикалық және эстетикалық мәнін үнемі жаңғырта отырып зерттеуге бейімделеді. |
| 2 | Драмалық шығармалардағы коммуникативтік жүйелер | драмалық шығармалар тілін жанрлық тұтастығы, эстетикалық қырлары, композициялық құрылысы, коммуникативтік, прагматикалық түзілісі аспектілерінде жан-жақты қарастыру; драмалық шығармалар тілін автор-персонаж-көрермен бірлігінде талдау; халықтың орасан тіл байлығын шашау шығармай қолдана білген, тілдегі көріктеуіш стильдік тәсілдер арқылы бай образдар галереясын жасаған драматургтер тілін салыстыру; жинақтау және даралау; ұлттық дүниетаным тұрғысынан тәуелсіз ғылым шеңберінде бағамдау. | «Драмалық шығармалардағы коммуникативтік жүйелер» пәні — театрдағы тіл мен қарым-қатынасты зерттейтін сала. Бұл пән драмалық туындылардағы кейіпкерлер арасындағы тілдік өзара әрекеттестіктерді, диалогтардың құрылымын, сөйлесу стратегияларын және сөз бен әрекеттің үйлесімін талдайды. Сонымен қатар, әртүрлі мәдени және әлеуметтік контекстегі тілдің рөлі зерттеледі. Пән драманың көркемдік құрылымындағы тілдік ерекшеліктерді, сөз бен әрекеттің байланысын жан-жақты қарастырады. | **Пререквизиттері:** Әдебиет теориясы, Әдебиеттануға кіріспе **Постреквизиттері:** докторантурада оқылатын пәндер | А)Драмалық шығармалардағы коммуникативтік жүйелердің теориялық негіздерін, дискурс, диалог, реплика, ремарка, ішкі монолог, прагматикалық контекст сияқты ұғымдарды терең меңгереді; драмалық мәтіндегі кейіпкерлер арасындағы тілдік өзара әрекеттестіктің құрылымын, рөлдік қарым-қатынастың мәдени-әлеуметтік шарттарын түсінеді.<br>В) драмалық мәтіндерді коммуникативтік-тілдік тәсілдер негізінде талдай алады; кейіпкерлердің реплика алмасуы, интонациялық-вербалды жүйе және драмалық кеңістіктегі тілдік мінез-құлық үлгілерін анықтап, оларды прагматикалық тұрғыдан сипаттай алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | C) драмалық шығармалардағы коммуникативтік тактика мен стратегияларға сыни тұрғыдан баға береді; әртүрлі мәдени контекстердегі драмалық қарым-қатынас формалары мен олардың мағыналық деңгейін дербес тұжырымдай алады.<br>D) драмалық мәтіндерді ғылыми-кәсіби аудиторияда талдай отырып, өз көзқарасын негіздеп жеткізеді; вербалды және вербалды емес коммуникация элементтерін драмалық дискурста тиімді түсіндіріп, кросс-мәдени сипаттағы қарым-қатынастарды дәл сипаттай алады.<br>E) драмалық шығармалардағы тілдік қатынас жүйелерін талдауға бағытталған ғылыми-теориялық әдебиеттерді өз бетімен меңгеріп, талдауға бейімделеді;болашақ кәсіби зерттеуінде драмалық дискурстың коммуникативтік аспектілерін кешенді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қолдануға қабілетті болады. |
| 3 | Тіл білімінің философиялық-әдіснамалық мәселелері | Мақсаты: тіл білімінің, әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен олардың дәстүрлі бағыттан ерекшелігін саралау. Қарастырылатын тақырыптар: тіл біліміндегі жаңа бағыттар, антропоөзектік бағыттағы зерттеулер, этнолингвистика, психолингвистика, компьютерлік лингвистика, графикалық лингвистика және латын әліпбиі т.б. мәселелер. Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар, әдебиеттану мектептері, ағымдар мен бағыттар, әлеуметтік бағыттағы әдебиеттану, философиялық-эстетикалық әдебиеттану, неомифологизм және мифопоэтика, структурализм және | «Тіл білімінің философиялық-әдіснамалық мәселелері» пәні тіл ғылымының теориялық негіздерін, әдіснамалық тәсілдерін зерттейді. Бұл пән тілдің табиғаты, құрылымы, дамуы мен қолданылуы туралы философиялық сұрақтарды қарастырып, тіл зерттеудің ғылыми принциптері мен әдістерін талдайды. Сондай-ақ, тіл мен ойлау, тіл мен қоғам арасындағы байланыс мәселелері зерттеледі. Пән тіл білімінің тарихи дамуын, тілдің қызметін, оның қоғамдағы рөлін тереңірек түсінуге бағытталған. | **Пререквизиттері:** Тіл білімінің / әдебиеттанудың жаңа бағыттары<br>**Постреквизиттері:** Докторантурада оқылатын пәндер | А)Тілдің философиялық мәнін, онтологиялық және гносеологиялық табиғатын, тіл мен ойлаудың өзара қатынасын терең түсінеді; тіл білімінің әдіснамалық негіздері мен негізгі ғылыми парадигмаларын (классикалық, структуралистік, постструктуралистік, когнитивтік, герменевтикалық бағыттар) меңгереді; лингвистиканың пән ретінде қалыптасу тарихы мен теориялық негіздерін пайымдайды.<br>В) лингвистикалық зерттеулерде философиялық-әдіснамалық ұстанымдарды қолдана отырып, күрделі теориялық мәселелерді талдай алады; тілдік құбылыстарды әртүрлі философиялық тұрғыдан түсіндіріп, әдіснамалық үлгілермен ұштастырады.<br>С) тіл туралы философиялық және әдіснамалық көзқарастарды салыстырып, ғылыми |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | постструктурализм, постмодернистік әдебиеттану т.б. | | | негізде баға бере алады; тілдік зерттеу тәсілдеріндегі теориялық алшақтықтар мен ұқсастықтарды дербес саралап, өз ұстанымын қалыптастырады.<br>D) тіл білімінің философиялық аспектілеріне қатысты ғылыми пікірлер мен тұжырымдарды кәсіби және академиялық ортада еркін жеткізеді; күрделі ғылыми мәтіндерді, лингвистикалық философияны талдап, тұжырымдарын нақты, логикалық негізде ұсына алады.<br>E) тіл туралы философиялық және әдіснамалық білімін үнемі жетілдіріп, жаңа теориялар мен парадигмаларды өз бетінше игеруге қабілетті болады; пәнаралық байланыста лингвистиканың әдіснамалық мүмкіндіктерін қолдана отырып, ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын дамытады. |
| 4 | Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік мәселелері | **«Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік мәселелері»** | Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік мәселелері пәні әдебиеттанудың ғылыми | **Пререквизиттері:** | А)әдебиеттанудың философиялық негіздерін, гуманитарлық танымның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пәнінің мақсаты – әдебиеттанудың ғылыми табиғатын философиялық негіздермен ұштастыра отырып, көркем мәтінді танудың әлемдік ғылыми парадигмаларын меңгерту, әдіснамалық мектептер мен тұжырымдарды салыстыра талдай алатын, кәсіби ғылыми-теориялық пайымдаулар жасайтын құзыретті маман даярлау. | негіздерін, әдіснамалық тәсілдерін зерттейді. Бұл пән әдебиеттің табиғаты, оның әлеуметтік және мәдени рөлі, эстетикалық функциялары туралы философиялық сұрақтарды талдайды. Сондай-ақ, әдебиет зерттеуде қолданылатын әдістер, теориялар мен бағыттарды қарастырады, әдебиет пен қоғамның өзара байланысын тереңірек түсіндіреді. Әдебиеттану ғылымының тарихы мен дамуын, оның қазіргі заманғы тенденцияларын да қарастырады | Тіл білімінің / әдебиеттанудың жаңа бағыттары<br>**Постреквизиттері:** Докторантурада оқылатын пәндер | әдіснамалық модельдерін біледі; әлемдік әдебиеттанудың заманауи теориялық мектептері мен бағыттарын терең түсінеді; көркем мәтінге қолданылатын философиялық, когнитивтік, герменевтикалық әдістердің ғылыми мәнін ажыратады.<br>B)философиялық-теориялық тұжырымдарды әдеби мәтінді талдауда қолданады; әртүрлі әдіснамаларды салыстырып, нақты зерттеу нысанына сәйкес тиімді тәсілді таңдайды; ғылыми мәтіндерге талдау, интерпретация, концептуализация жасай алады.<br>C)әдеби-теориялық мектептерді ғылыми тұрғыда сын тұрғысынан талдайды; көркем мәтіннің әлемдік мәдени-рухани контексттегі орнын философиялық деңгейде пайымдайды; күрделі ғылыми мәселелер бойынша дәлелді пікір қалыптастырады.<br>D)философиялық-әдебиеттанулық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | терминологияны әдеби-ғылыми дискурсқа еркін қолданады;зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша түрде сауатты ұсынады.<br>Е) жаңа теориялар мен әдіснамаларды өз бетінше меңгеруге қабілетті; ғылыми ізденістерді жоспарлай алады, дербес зерттеу жүргізеді; кәсіби ғылыми қоғамдастыққа интеграциялануға дайын. |
| 5 | Корпустық лингвистика | корпустық лингвистиканың өзекті мәселелері туралы ғылыми ақпаратты меңгерту. | «Корпустық лингвистика» — тілдің нақты қолданылуын зерттейтін ғылым саласы туралы пән. Бұл пән тіл деректерін компьютерлік әдістермен өңдеу арқылы тілдің құрылымдық ерекшеліктерін, сөздердің жиілігін, контексттерін және олардың арасындағы байланыстарды талдайды. Корпустық лингвистика тілдің даму процесін, грамматикалық және лексикалық өзгерістерін зерттеуде маңызды құрал болып табылады. Сонымен қатар, ол тілдің стилистикалық ерекшеліктері мен сөздер арасындағы семантикалық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. | **Пререквизиттері:** Жаңа заман лингвистикасы<br>**Постреквизиттері:** Докторантурада оқылатын пәндер | А) Корпустық лингвистиканың негізгі ұғымдарын (корпус, аннотация, токен, лемма, тегтеу, т.б.), әдіснамалық негіздерін және зерттеу тәсілдерін меңгереді; тілдік мәліметтерді жинақтау, өңдеу және талдау үшін корпус ресурстары мен цифрлық құралдардың қолданылу ерекшеліктерін түсінеді.<br>В) нақты тілдік материалды сандық корпус негізінде өңдеп, лингвистикалық талдаулар (морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, жиілік талдау) жүргізе алады; корпус құралдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | пайдалана отырып, лингвистикалық гипотезаларды тексеруге және ғылыми жобалар жасауға қабілетті болады.<br>C) тілдік деректерді корпус арқылы зерттеудің артықшылықтары мен шектеулеріне талдау жасай алады; сандық лингвистика мен дәстүрлі әдістерді салыстырып, корпус негізінде алынған нәтижелерге ғылыми тұрғыдан баға береді.<br>D)корпус негізіндегі зерттеу нәтижелерін ғылыми-кәсіби аудиторияға нақты, дәлелді және құрылымды түрде ұсына алады; зерттеу барысында алынған мәліметтерді визуалды форматта (график, кесте, диаграмма) дұрыс түсіндіре алады.<br>E) жаңа корпус құралдарын, бағдарламалық қамтамасыз етулерді (AntConc, SketchEngine, Python/NLTK, т.б.) меңгеріп, кәсіби білімін үздіксіз жетілдіре алады; көптілді және салааралық корпус зерттеулерін өз бетінше игеріп, дербес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | зерттеу жұмысын жүргізуге бейімделеді. |
| | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | Магистранттың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми жобалау, дерек жинау, талдау және нәтижелерді жүйелеу қабілетін дамыту. | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын жүйелі жүргізуге бағытталады. Оқу процесі барысында магистрант ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеріп, өз мамандығына сәйкес ғылыми мәселені анықтайды, зерттеу жоспарын құрады, теориялық және эмпирикалық деректерге талдау жасайды. Ғылыми жұмыс құрылымын сақтай отырып, магистрант дербес ғылыми жоба дайындайды және оны жазбаша әрі ауызша түрде қорғайды. | - | A) Магистрант ғылыми зерттеу әдістері мен теорияларын терең меңгереді, ғылыми танымның логикасы мен құрылымын түсінеді.<br>B) Ғылыми ақпаратты жинау, сұрыптау, өңдеу және оны практикалық және теориялық міндеттерді шешуге қолдана алады.<br>C) Ғылыми проблема бойынша дербес ой қорыта алады, дәлелді тұжырымдар мен болжамдар жасайды.<br>D) Ғылыми-зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша түрде логикалық жүйелі түрде жеткізе алады, академиялық стильде жаза алады.<br>E) Ғылыми дереккөздермен өз бетімен жұмыс істей алады, үздіксіз кәсіби дамуға бейімділік танытады. |
| **2-курс (3-семестр)** | | | | | |
| 1 | Ұлттық дискурс негіздері | Ұлттық дискурсқа қатысты негізгі мәселелерді ғылыми негізде игерту. | «Ұлттық дискурс негіздері» пәні — ұлттық мәдениет, дәстүрлер мен құндылықтар аясындағы тілдік қарым-қатынасты зерттейтін сала. Бұл пән ұлттық тіл мен | **Пререквизиттері:** Лингвистикалық концептология | A) Ұлттық дискурстың теориялық негіздерін, ұғымдық-мазмұндық құрылымын және лингвомәдени |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мәдениеттің байланысын, қоғамдағы тілдің әлеуметтік рөлін, ұлттық ерекшеліктердің тілдегі көрінісін қарастырады. Ұлттық дискурс әр түрлі әлеуметтік топтар мен мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырады. Пән тілдің ұлттық мінез-құлықты және дүниетанымды бейнелеудегі маңыздылығын зерттейді. Сонымен қатар, ұлттық сана мен идеологияның тіл арқылы берілуін, ұлттық бірегейліктің қалыптасуын да қамтиды. | **Постреквизиттері:** Докторантурада оқылатын пәндер | ерекшеліктерін терең меңгереді; ұлттық сана, тілдік әлем бейнесі, концепт, мәдени мәтін сияқты негізгі категорияларды дискурстық деңгейде түсіндіре алады.<br>B) көркем, публицистикалық, ресми және ауызша дискурс түрлерінен ұлттық мазмұнды элементтерді (тұрақты бейнелер, метафоралар, ұлтқа тән концептілер) анықтап, саралай алады; ұлттық дискурсты басқа этнос өкілдерінің дискурстарымен салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындай алады.<br>C) ұлттық дискурстың тілдегі көрінісін сыни тұрғыда бағалап, оның тарихи-мәдени контекстпен байланысын тұжырымдайды; ұлттық дискурсты қайта жаңғырту мен трансформация процестеріне лингвистикалық, мәдени және идеологиялық тұрғыда баға береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | D) ұлттық дискурстың ерекшеліктерін ғылыми ортада, көпмәдениетті контексте еркін, дәлелді түрде түсіндіріп, ғылыми ой-пікірін нақты жеткізеді; дискурстық талдауда алынған нәтижелерді жүйелеп, көпшілікке ұғынықты тілмен ұсына алады.<br>E) ұлттық дискурсқа қатысты отандық және шетелдік зерттеулерді, лингвомәдени және дискурстану теорияларын өз бетімен меңгеріп, ғылыми жұмысқа икемделеді; ұлттық мазмұнды дискурс үлгілерін болашақ зерттеулерде қолдануға дайын болады, өмір бойы кәсіби білімін жетілдіруге бейімделеді. |
| 2 | Қазақ әдебиетіндегі фольклорлық мотивтер:постмодерндік контекст | Бұл пән қазақ әдебиетіндегі фольклорлық мотивтердің постмодернистік интерпретациясын зерттеуге арналған. Курста қазақтың дәстүрлі фольклоры (ертегілер, эпостар, мифтер, аңыздар) мен олардың қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісі | Фольклорлық мотивтердің қазақ әдебиетіндегі рөлі; Постмодерннің негізгі ерекшеліктері мен әдістері; Фольклор мен постмодерн синтезі; Қазақ қаламгерлерінің шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық; Бұл курс әдебиеттану, мәдениеттану және өнертану салаларында білімін кеңейткісі келетіндерге пайдалы болмақ. | **Пререквизиттері** Әдебиет теориясы **Постреквизиттері** Докторантурада оқылатын пәндер | A)Фольклорлық мотивтердің типологиясын, мифопоэтикалық құрылымын және олардың постмодерндік әдебиеттегі трансформациясын түсінеді; постмодерннің эстетикалық ұстанымдарын, интертекстуалдық, ирония, деконструкция, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарастырылады. Постмодерндік әдістер арқылы авторлардың фольклорлық элементтерді қалай жаңғыртатыны, қайта өңдейтіні және жаңа мағыналармен толықтыратыны талданады. | | | метамәтін сияқты негізгі тәсілдерін меңгереді. B) қазақ прозасы мен поэзиясындағы фольклорлық архетиптерді, сюжеттерді, бейнелерді қазіргі постмодерндік тұрғыда талдай алады; фольклор мен заманауи әдебиеттің синтезін теориялық-концептуалдық тұрғыда интерпретациялауға қабілетті болады. C) постмодерндік мәтіндегі фольклорлық кодтардың қызметіне, авторлық ұстаным мен мағыналық көпқабаттылыққа сыни баға бере алады; дәстүр мен жаңашылдықтың әдеби процеске ықпалын дербес сараптап, ғылыми тұжырым жасай алады. D) әдебиеттегі постмодерндік интерпретациялар туралы ғылыми ойларын нақты, жүйелі және дәлелді түрде академиялық аудиторияда жеткізе алады; фольклор мен постмодерндi сабақтастырған әдебиеттерді көпмәдени контексте талқылай алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Е) фольклорлық-әдеби мұраны заманауи әдеби үрдістер аясында зерттеу үшін қажетті ғылыми дереккөздерді өз бетінше меңгеріп, үздіксіз білімін жетілдіреді;фольклорлық мотивтердің қазіргі әдеби кеңістіктегі қолданысын терең зерттеуге ғылыми қызығушылық пен әдістемелік дайындық қалыптастырады. |
| 3 | Когнитивтік әдебиеттану | Когнитивтік әдебиеттанудың теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгерту, көркем мәтіндегі танымдық құрылымдарды, метафоралар мен концептілер жүйесін, оқырман қабылдауы мен мәдени контексті ғылыми негізде талдай алу қабілетін қалыптастыру. | «Когнитивтік әдебиеттану» пәні — әдеби шығармаларды адамның ойлау, қабылдау және сезімдер жүйесі тұрғысынан зерттейтін сала. Бұл пән әдебиеттің танымдық механизмдерін, мәтіндегі мағыналарды қалай қабылдайтынымызды және түсінетінімізді зерттейді. Когнитивтік әдебиеттану тіл мен ойлаудың байланысын аша отырып, шығармалардағы көркем бейнелер мен метафоралардың қалай жұмыс істейтінін талдайды. Сонымен қатар, ол оқырманның мәтінді қабылдау процесін және мәдени контексттің маңыздылығын зерттейді. | **Пререквизиттері:** Әдебиет теориясы **Постреквизиттері:** Докторантурада оқытылатын пәндер | А) Когнитивтік әдебиеттанудың негізгі ұғымдары мен теориялық негіздерін (концепт, фрейм, сценарий, когнитивтік схема, метафоралық модельдер) меңгереді; тіл, ойлау және көркем бейне арасындағы өзара байланысты түсінеді.<br>В) көркем шығармаларды когнитивтік модельдер арқылы талдай алады; әдеби мәтіндегі мағыналарды қабылдау процесін, оқырман мен автор арасындағы когнитивтік өзара әрекетті сипаттай алады.<br>С) әдеби туындыдағы концептілік жүйеге, метафоралық құрылымдарға және мәдени контекске |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | байланысты ғылыми баға береді; авторлық көркемдік әлем мен оқырманның когнитивтік қабылдауы арасындағы байланысқа сыни тұрғыдан пікір білдіре алады.<br>D) когнитивтік талдау нәтижелерін ғылыми ортада нақты, дәйекті және құрылымды түрде ұсына алады; пәнаралық контексте әдеби мәтін мен оқырман санасындағы мағына түзілуін тиімді сипаттай алады.<br>E) когнитивтік әдебиеттану бойынша ғылыми жаңалықтарды, заманауи зерттеулерді өз бетінше меңгеріп, оларды кәсіби деңгейде қолдана алады; көркем мәтіндерді танымдық тұрғыдан талдауға қажетті әдістемелерді игеріп, болашақта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайын болады. |
| 4 | Жоғары мектепте әдебиет пәндерін оқытуда АКТ және жасанды интеллекті қолдану | Магистранттарды әдебиет пәндерін оқыту үдерісінде АКТ және жасанды интеллект құралдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдануға, оларды | Технологияның дамуы әлем халқының көпшілігінің әдеттерінің өзгеруіне әкелді. Адамдар жаңа технологияларды қолдану арқылы ақпаратты байланыстыру, өзара әрекеттесу, оқу, жазу және алу тәсілдерін өзгертті. Бұл сценарийде білім беруді қазіргі заманға және қоғамдық әдет-ғұрыптарға | **Пререквизиттері:** Қазақ тілі мен әдебиетін IT және цифрлы оқыту<br>**Постреквизиттері:** Докторантурада оқытылатын пәндер | A) әдебиетті оқытуда қолданылатын заманауи АКТ құралдары мен жасанды интеллект жүйелерінің теориялық негіздерін меңгереді; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | педагогикалық тәжірибеде тиімді ендіруге үйрету. | бейімдеу қажеттілігі туындайды. Осылайша, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу шындыққа айналды және оны жалғастыру керек. Технологияны енгізу білім алушыға бағытталған оқыту әдістемелерін енгізуге әкелетін трансформациялық процестер жүретін аудиториядағы өзара әрекеттесудің жаңа динамикасын жасауға мүмкіндік береді | | AI технологияларының мәтіндік талдау, мазмұн генерациясы және оқыту процесіне әсері туралы ғылыми түсінікке ие болады.<br>B) әдеби шығармаларды визуализациялау, цифрландыру, интерактивті платформада ұсыну секілді практикалық тапсырмаларды орындай алады; оқытуда пайдалануға болатын жасанды интеллект жүйелерін (мысалы, ChatGPT, Grammarly, AI-тест генераторлары) тиімді қолдана алады.<br>C) AI мен АКТ құралдарын әдебиетті оқытуда қолданудың тиімділігі мен шектеулеріне сыни тұрғыдан баға береді; оқыту процесіндегі цифрлық этика, дербестік, плагиат, авторлық құқық мәселелерін саралай алады.<br>D) цифрлық оқыту контентін (бейнематериал, подкаст, презентация, инфографика) ғылыми және педагогикалық талаптарға сай ұсына алады; АКТ және AI |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | технологиялары негізінде білім беру жобаларын топта немесе академиялық ортада тиімді таныстыра алады.<br>Е) жасанды интеллект пен АКТ саласындағы жаңа білім беру ресурстарын өз бетімен игеріп, оларды үздіксіз кәсіби даму үшін пайдаланады; әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдарын жаңашыл цифрлық құралдар арқылы жетілдіруге ынталы болады. |
| 5 | Көркем әдебиеттің танымдық мәні | Магистранттарға көркем әдебиеттің танымдық табиғатын, оның адамзаттың рухани-мәдени тәжірибесін жеткізудегі, дүниетаным қалыптастырудағы рөлін терең меңгерту; әдеби туындылар арқылы адамның санасы мен болмысын тануға бағытталған ғылыми-теориялық көзқарас қалыптастыру. | «Көркем әдебиеттің танымдық мәні» пәні — әдеби шығармалардың адам өмірі мен әлемді түсіну жолындағы танымдық рөлін зерттейтін сала. Бұл пән әдебиеттің философиялық, моральдық, әлеуметтік аспектілерін, адамзат тәжірибесін, оның рухани ізденістерін аша отырып, әдебиет арқылы әлемнің бейнесін қалыптастыруды қарастырады. Көркем әдебиет танымдық қызметі арқылы адам санасын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Әдебиеттің танымдық құндылығы мен мәдени мұраларды сақтаудағы рөлін де зерттейді. | **Пререквизиттері:** Қазақ әдебиетінің тарихы<br>**Постреквизиттері:** Докторантурада оқытылатын пәндер | А) көркем әдебиеттің танымдық қызметіне қатысты теориялық ұстанымдарды (философиялық, герменевтикалық, мәдениеттанушылық, когнитивтік) меңгереді; әдебиеттің адам санасын, дүниетанымын, рухани әлемін бейнелеудегі әлеуетін түсінеді.<br>В) әдеби шығармаларды танымдық-философиялық тұрғыда талдай алады; мәтін ішіндегі рухани, этикалық, мәдени кодтарды түсініп, оларды қазіргі қоғам құндылықтарымен байланыстыра отырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | интерпретация жасай алады.<br>C) көркем әдебиеттегі танымдық құрылымдар мен идеяларға сыни көзқарас білдіріп, олардың тарихи және мәдени контекстке сәйкестігіне ғылыми баға бере алады; әдеби мәтіннің адамзаттық тәжірибеге қосатын рухани үлесін дербес пайымдай алады.<br>D) әдебиет пен таным мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдарын кәсіби ортада нақты, қисынды және дәлелді түрде ұсына алады; әдеби шығармалардың танымдық мазмұнын көркем-публицистикалық, педагогикалық немесе ғылыми дискурста жеткізе біледі.<br>E) әдебиет пен философия, мәдениет пен таным тоғысындағы пәнаралық зерттеулерді өз бетімен меңгеруге қабілетті болады; әдебиет арқылы әлемдік және ұлттық дүниетаным жүйелерін зерделеуге және оны кәсіби зерттеу ісіне қолдануға дайын болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Функционалды лингвистика | Магистранттарға функционалды лингвистиканың теориялық негіздерін меңгерту, тілдік бірліктердің қызметін қарым-қатынас, мәтін, сөйлеу актілері және әлеуметтік-когнитивтік контекст шеңберінде талдауға дағдыландыру; тіл мен қоғамның, тіл мен ойдың өзара байланысын функционалдық тұрғыда түсіндіруге үйрету. | «Функционалды лингвистика» пәні тілдің функционалдық аспектілерін зерттейтін сала болып табылады. Бұл пән тілдік бірліктердің қарым-қатынастағы қызметін, олардың мағыналық және құрылымдық рөлін талдайды. Функционалды лингвистика тілдің әлеуметтік, мәдени және когнитивтік аспектілермен байланысын, сөйлеу актілері мен мәтін құрылымын зерттеуге бағытталған. Сонымен қатар, ол тілдің өзгеруі, қоғамдағы әртүрлі тілдік деңгейлер мен контексттердегі қызметін қарастырады. | **Пререквизиттері:** Жалпы тіл білімі **Постреквизиттері:** Докторантурада оқытылатын пәндер | A)Функционалды лингвистиканың теориялық негіздерін, негізгі ұғымдары мен бағыттарын (К. Бюлер, Р. Якобсон, М.А.К. Халливей, Т. ван Дейк және т.б.) меңгереді; тілдік бірліктердің мәтіндегі, сөйлеудегі және әлеуметтік қатынастағы қызметін түсінеді.<br>B) нақты тілдік материалдар негізінде тілдік бірліктердің мағыналық және коммуникативтік қызметін талдай алады; мәтіннің құрылымдық, прагматикалық және функционалдық элементтерін саралап, олардың тілдік мақсаттағы қолданысын анықтай алады.<br>C) тілдің әлеуметтік және мәдени қызметтеріне, тілдік нормалар мен олардың өзгеру процестеріне сыни баға береді; сөйлеу актілері мен функционалдық мағына контекстін сараптай отырып, әртүрлі тілдік құбылыстардың мәнін анықтай алады.<br>D)тілдік бірліктердің функционалдық қызметі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | туралы ғылыми пікірлер мен тұжырымдарды академиялық ортада дәлелді түрде жеткізе алады; сөйлеу мен мәтін құрылымын функционалды аспектіде түсіндіре отырып, ғылыми зерттеуді сауатты қорғай алады.<br>E) функционалды лингвистика саласындағы жаңа ғылыми бағыттарды, зерттеу тәсілдері мен әдістемелерін өз бетімен игеруге қабілетті; тіл мен коммуникацияның заманауи модельдерін функционалды-когнитивтік тұрғыда қолдануға бейімделеді. |
| **4-семестр** | | | | | |
| | Зерттеу практикасы | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге дайындығын қалыптастыру, зерттеу әдіснамасын, ғылыми құралдарды дұрыс қолдануға дағдыландыру, дербес ғылыми жобаның негіздерін меңгерту және магистрлік диссертация жазуға бағыттау. | Зерттеу практикасы магистранттың болашақ диссертациялық жұмысына теориялық және әдістемелік база қалыптастыруға бағытталады. Практика барысында магистрант ғылыми әдебиеттермен жұмыс жүргізеді, зерттеу мәселесін айқындайды, мақсат-міндеттерін белгілейді, талдау әдістерін меңгереді және алғашқы ғылыми қорытындыларын қалыптастырады. Бұл кезең ғылыми жобаның логикасын, құрылымын, қолданбалы және | **Пререквизиттері:** Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау<br>**Постреквизиттері:** Ғылыми мақала жариялау<br>Конференцияларға қатысу және ғылыми презентациялар жасау | А)ғылыми зерттеу әдістерінің негіздерін, теориялық тұғырнамаларды және пәндік саланың ғылыми дискурсын меңгереді;<br><br>зерттеу нысанына байланысты негізгі ұғымдар мен тұжырымдарды талдай алады.<br>В) ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, библиографиялық ізденіс жүргізе алады;  ғылыми |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | теориялық маңызын нақтылауға көмектеседі. | | гипотеза құрып, зерттеу сұрақтарын негіздеп, зерттеу әдістерін нақты қолдана біледі.<br>С) ғылыми ақпаратты іріктей алады, дәлелдер мен дәйектерді салыстырып, сын тұрғысынан баға береді; зерттеу нәтижелерін интерпретациялап, тұжырымдар жасай алады.<br>D) ғылыми зерттеу нәтижелерін академиялық форматта (реферат, баяндама, мақала, есеп) сауатты ұсына алады; ғылыми пікірталас жүргізіп, жобаның мазмұнын кәсіби ортада еркін қорғай алады. |
| | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | Магистранттың ғылыми-зерттеу қызметін толыққанды жүзеге асырып, таңдаған ғылыми тақырып бойынша дербес диссертациялық жұмысын жазып, нәтижелерін қорғай алу қабілетін қалыптастыру және бекіту. | Бұл пән магистранттың ғылыми-зерттеу циклін аяқтауға бағытталған. Магистрант өз зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эмпирикалық деректерді жинақтап, талдайды, ғылыми нәтижелерді жүйелейді, тұжырымдар мен ұсыныстар жасайды. Диссертация академиялық талаптарға сай жазылып, ғылыми жетекшімен бірлесе тексеріледі және мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғалады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін ғылыми мақалаларда | - | А) Ғылыми тақырып бойынша терең және кешенді білім мен түсінікті меңгергенін көрсетеді; зерттеу саласындағы өзекті мәселелерді анықтай алады.<br>В) Ғылыми-зерттеу әдістерін қолдана отырып, нақты теориялық және практикалық міндеттерді шешеді; диссертациялық жұмысты өз бетімен орындай алады.<br>С) Зерттеу мәселесі бойынша сыни тұрғыда ойлап, дәлелді тұжырымдар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жариялау, конференцияларға қатысу және академиялық ортада таныту көзделеді. | | қорытындылар жасайды; ұсыныстар бере алады.<br>D) Ғылыми зерттеу нәтижелерін құрылымды түрде, академиялық тілмен, логикалық жүйелі баяндап, жазбаша және ауызша қорғай алады.<br>E) Ғылыми және кәсіби дамуды жалғастыруға дайын, өзіндік ізденіс пен рефлексияға қабілетті; дербес жұмыс істеуге бейім. |
| | Педагогикалық практика | Магистранттың кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру, жоғары оқу орнында сабақ беруге қажетті әдістемелік, ұйымдастырушылық және зерттеушілік дағдыларын жетілдіру; теориялық білімдерін практикада тиімді қолдануға және педагогикалық үдерісті кәсіби деңгейде ұйымдастыруға машықтандыру. | Педагогикалық практика барысында магистранттар жоғары оқу орындарындағы оқу процесіне қатысады: оқу курстарының силлабусын әзірлеу, дәріс оқу, семинар мен тәжірибелік сабақ өткізу, білім алушылардың білімін бақылау, оқу-әдістемелік материалдар жасау, академиялық этика мен педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін меңгеру. Сонымен қатар, тәжірибе барысында болашақ оқытушы ғылыми-зерттеу мен оқыту қызметін кіріктіріп үйренеді. | **Пререквизиттері:** Жоғары мектеп педагогикасы<br>**Постреквизиттері:** Жоғары білім беру жүйесінде оқыту курстарын әзірлеу Ғылыми-әдістемелік мақалалар жазу Магистрлік диссертациялық зерттеу (оқыту процесіне байланысты) | A) жоғары мектептегі білім беру жүйесі мен педагогикалық үдерістің құрылымын және оқыту әдістерін меңгереді; оқу бағдарламалары, силлабус, академиялық жоспарлау құжаттарымен жұмыс істеу негіздерін түсінеді.<br>B) семинар, практикалық және дәріс сабақтарын өткізіп, оқу процесін кәсіби тұрғыда ұйымдастырады; оқытудың белсенді әдістері мен АКТ құралдарын қолданып, оқу материалын меңгертуді жүзеге асырады.<br>C) магистранттардың оқу жетістіктерін бағалауда әділ, сындарлы шешім қабылдай алады; оқыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | нәтижелерінің тиімділігіне талдау жасап, өзінің педагогикалық әрекетіне сыни баға береді.<br>D) оқу процесінде магистранттармен әріптестермен және ғылыми жетекшілермен тиімді кәсіби қарым-қатынас орната алады; білімді академиялық тілде дәл, сауатты, логикалық құрылыммен жеткізе біледі.<br>Е) үздіксіз кәсіби дамуға, педагогикалық инновацияларды игеруге және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті; білім беру процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды шығармашылықпен енгізуге дайын болады. |
| | Қорытынды аттестаттау | Магистранттың кәсіби және ғылыми құзыреттілігін, теориялық білімін, ғылыми-зерттеу жүргізу және практикалық мәселелерді шешу қабілетін кешенді түрде бағалау. | Қорытынды аттестаттау магистратураның соңғы кезеңінде өткізіледі және білім алушының оқу бағдарламасын толық меңгеру деңгейін анықтауға бағытталады.<br>Ол екі негізгі бөліктен тұрады:<br>Мемлекеттік емтихан<br>Магистрлік диссертацияны қорғау<br>Бұл кезеңде магистрант өзінің ғылыми ізденісінің нәтижелерін қорғайды, ғылыми мәселені дәлелді талдап, зерттеу барысында қолданған әдіс-тәсілдерін | - | А)Профильдік пәндер мен ғылыми бағыт бойынша терең әрі жүйелі білімге ие екенін дәлелдейді.<br>В) Теориялық білімін кәсіби және ғылыми міндеттерді шешуде қолдана алады, зерттеу нәтижелерін практикамен байланыстырады.<br>С) Ғылыми проблемаға сыни тұрғыдан баға беріп, аргументті және дербес пікір қалыптастыра алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | негіздейді. Сонымен қатар кәсіби білімін практикамен ұштастырып, өз саласы бойынша құзыреттерін көрсетеді. | | D) Ғылыми-зерттеу нәтижелерін сауатты, логикалық және академиялық стильде жазбаша және ауызша түрде ұсына алады.<br>E) Өз бетімен оқып-үйрену, кәсіби даму және үздіксіз білім алуға деген тұрақты дайындық пен қабілеттілік танытады. |